

"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 237 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 4 тамызда № 33232 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілерді және білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27414 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы.";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық";

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын

ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленді.

2. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 234 қаулысымен бекітілген Объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидалары мен өлшемшарттарына (бұдан әрі-Қағидалар) сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің объектілеріне, сондай-ақ террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызылған білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын объектілерге қолданылады.

Осы Нұсқаулық білім беру саласындағы қызметті, қарамағында осы объектілер бар мемлекеттік органдардың бірінші басшылары бекіткен террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі өзге де нұсқаулықтармен регламенттелген терроризмге қарсы қорғалуды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын объектілерге қолданылмайды.";

5-тармақтың 4) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"білім беру объектілерінің ерекшеліктеріне барабар террористік сипаттағы ықтимал қауіптерге ден қою алгоритмдерін әзірлеу;"

23, 24 және 25-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Профилактикалық және оқу іс-шараларын ұйымдастырудың жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсатында объект басшысы оларды үйлестіруді, сондай-ақ білім беру объектісінің педагогтерімен көрсетілген іс-шараларды өткізуді объектінің терроризмге қарсы қорғалуы жөніндегі іс-шараларды өткізуге жауапты адамға жүктейді.

24. Профилактикалық іс-шараларының мақсаты білім беру объектісінде терроризм актісін жасауды барынша азайтуға ықпал ететін жағдайлар жасау болып табылады.

25. Оқу іс-шараларының мақсаты білім беру объектілерінің қызметкерлерін, педагогтерді, білім алушыларды, тәрбиеленушілерді, ата-аналарды (заңды өкілдерді) терроризмге қарсы қауіпсіздіктің негізгі қағидаларымен таныстыру, терроризм актісінің жасалу қаупі төнген кезде және ол жасалғаннан кейін сауатты және ұтымды мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру болып табылады.";

61 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"61. Паспорт қол жетімділігі шектеулі ақпаратты қамтитын құжат болып табылады.

Білім беру объектілерінде паспорт таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын құжат болып табылады және егер оған құпиялылық белгісі берілмесе, оның "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі болады. Паспортқа құпиялылық белгісін беру туралы шешім Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес қабылданады немесе объектілердің басшылары паспортқа оны әзірлеуге қатысы жоқ адамдарға қол жеткізуді шектеу,

объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету, объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін бақылау, терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтың қызметінде шаралар қабылдайды.";

63 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"63. Паспорт Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 14 маусымдағы № 481 және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 51/қе (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32950 болып тіркелген) бірлескен бұйрығымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортына сәйкес әзірленеді (бұдан әрі - үлгілік паспорт) электрондық нұсқаны бір мезгілде әзірлей отырып, екі данада әзірленеді.";

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді инженерлік-техникалық жабдықпен жаратандыруға қойылатын талаптар";

77 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"77. Терроризм актісін жасаудың ықтимал салдарларын ескере отырып, объектілердің мынадай топтары белгіленеді:

1) бірінші топтағы білім беру объектілері – персонал және білім алушылар (тәрбиеленушілер) саны 300 адамға дейінгі білім объектілері;

2) екінші топтағы білім беру объектілері – білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және персоналдың нақты саны 300-ден 700-ге дейін, сондай-ақ, аудан орталықтары мен аудандық маңызы бар қалаларда орналасқан 700-ге дейін толықтырылған білім беру объектілері;

3) үшінші топтағы білім беру объектілері – білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және персоналдың нақты саны 700 адамнан асатын, сондай-ақ, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада, облыстық маңызы бар қалаларда орналасқан (білім беру объектілерінің толықтырылуына қарамастан) білім беру объектілері.";

81 - тармақ алып тасталсын;

1-қосымшада:

жоғарғы оң жақ бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының
білім беру саласындағы
қызметті жүзеге асыратын
террористік тұрғыдан осал
объектілерінің терроризмге
қарсы қорғалуын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
1-қосымша";

Сабақтардың тақырыбындағы нұсқаларда:

Білім беру ұйымдарының басшылары мен персоналы үшін:

5 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"5. Білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік шаралары

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне ведомстволық бағынысты ұйымдар үшін:";

2 - қосымшада жоғарғы оң жақ бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа 2-қосымша";

3 - қосымшада жоғарғы оң жақ бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа 3-қосымша".

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі

Г. Бейсембаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК